



Автор: Сыдыкова Каламкас Ерсинбековна

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Саяхат

Тақырып: Алғашқы адам

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.3.1.1.Көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: Ежелгі адамдардың шығу тарихы туралы біледі және оларды салыстырады Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Ежелгі адамдар мен қазіргі кездегі адамдарды көрнекі материалдар арқылы олардың тіршілігін сипаттайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Ежелгі адамдар мен қазіргі кездегі адамдардың айырмашылығын түсініп өз көзқарастарын білдіреді.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: сын тұрғысынан ойлау; - білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда); - жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті; - АКТ саласындағы дағдылар.
Күтілетін нәтиже:	- Ежелгі адамдардың өмірі бейнеленген көрнекі материалдарды зерттейді. -Суреттерге сүйеніп, ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелейді - Алғашқы адамдардың баспанасын жасайды.
Бағалау критерийлері:	Барлығы: Ежелгі адамдардың өмірі бейнеленген көрнекі материалдарды зерттейді. Көпшілігі: Суреттерге сүйеніп, ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелейді Кейбірі: Алғашқы адамдардың баспанасын жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	-қарым-қатынас жасау қабілеті; -денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Видео : «Ежелгі адам» мультфильм
Пәнаралық байланыс:	Көркем еңбек, жаратылыстану
Бастапқы білім:	Оқушылардың қыдырып барған жерлері туралы сұрау.Саяхат

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Психологиялық ахуал -Балалар,біз кіміз? Жарық болса күніміз, Жарық шығар үніміз. Елін сүйер ер жетер, Біз болашақ гүліміз. Шаттық шеңбері. (Әр оқушы өз есімі арқылы жылы лебізін білдіреді) Топқа бөлу. «Түрлі түсті қағаздар» әдісі арқылы оқушыларға көк, жасыл, қызыл қағаздар таратып беріп, үш топқа біріктіремін. «Тас ғасыры» «Қола дәуірі» «XXI ғасыр»	Оқушылардың мұндағы мақсаты жақсы тілектер арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	Белсенді оқыту (39 – бет.4-үлестіріме материал) Түсіндіру және сипаттау «Ежелгі адам» мультфильм көрсету «Стоп-кадр» әдісі . Оқушыларға алғашқы адамдар туралы мультфильм көрсетіледі. Оқушылар материалдарды зерделей отырып бүгінгі тақырыпты ашады. Дескриптор: -көрсетілім бойынша сұрақтарға жауап береді. - негізгі ойды айтады. -Қазіргі өмірмен байланыстырады МК: модельдік айтылым.Карта арқылы көрсете отырып, түсіндіру. Африканың шығысында алғашқы адамдар пайда болған. Ғалымдар адамның арғы тегі аса ірі адам тәріздес маймылдан шыққан деген пікірді ұсынады. Қазақстан аумағын адамдар бұдан миллион жыл бұрын мекендеген. (МК, Ұ) Интербелсенді тақтадан алғашқы адамдардың өмір сүруі туралы таныстыру. Алғашқы адамдардың қазіргі адамдардан айырмашылығы қандай екендігін табуларын сұрау. «Керемет! Жарайсың! Тамаша!» мадақтау сөздері арқылы ынталандырамын Оқулықпен жұмыс: Белсенді оқыту (39- бет.Зерделеу және зерттеу) 1 тапсырма Суретке қарап ежелгі адамдарды және қазіргі адамдарды салыстыр. Венн диаграммасы арқылы салыстырады. Дескриптор: -алғашқы адамдар мен қазіргі адамдардың ерешелігін салыстырады,табады. Басбармақ әдісі арқылы бағаланады 2-тапсырма Саралау тәсілдері (40-бет.5-үлестіріме материал) Диалог және қолдау көрсету Т.Ж. .«Суретті әңгімеле» әдісі - адамдар нені паналаған? - Алғашқы адамдар немен тамақтанған? - Тамақ табу үшін қандай іс-әрекеттер жасаған? Дескриптор: - Суреттердің мазмұны туралы ой бөліседі; - сұрақтардың негізінде ежелгі адамдардың өмірі туралы - әңгімелейді. Бағдаршам әдісі арқылы бағаланады. Сергіту сәті: 1. Бір орында тұрып жүру. 2. Ежелгі адамдар секілді еңкейіп жүру, қазіргі адамдар сияқты тік жүру. 3.«Жеміс жина» қолдарымызды көтеріп, жемістерді Жеке жұмыс. 3 тапсырма.«Суреттер сөйлейді» әдісі 1)Өзің білетін Жер шары бөліктерін ата. 2)Оларды картадан көрсет. 3)Картадан Африканы тап. Дескриптор: -өзі білетін жер шары бөліктерін атайды. -оларды картадан көрсете алады. -картадан Африканы таба алады. (ҚБ) «Көңіл-күй» әдісі арқылы бағалаймын 4-тапсырма Саралау тәсілдері 40- бет (Тапсырма) Т.Ж Суреттерге мұқият қараңыз. Сурет бойынша ежелгі адамдардың тіршілігін сипаттап айтыңыз. Дескриптор: - суреттерге сүйене отырып, ежелгі адамдардың тіршілігі туралы әңгімелейді. МК: модельдік айтылым :Оларға бірлесе аң аулау жеңіл болғандықтан, топтасып өмір сүрді. Ал әйелдер терімшілік пен айналысты. Ғалымдардың зерттеуінше адамдар көшіп-қонып отырған Олар ең бірінші кезде тамақты шикідей жеген. «Бағдаршаммен» бағалау 5-тапсырма Ж.Ж Белсенді оқыту (Көрсету және модельдеу) Өздеріңе берілген бұтақтар, кептірілген шөптер және ермексаздан алғашқы адамдардың үйлерін жаса. Дескриптор: -алғашқы адамдардың баспанасын жасайды. -баспана жасау жолдарын ойлап табады. Қ.Б .«Шапалақ» әдісімен ынталандырамын	Оқушылар өз ойлары мен пікірлерін айтады. А3 плакат,бұтақтар, кептірілген шөптер және ермексаздар.
Сабақтың соңы (5 минут)	Әр оқушы өз ойын жинақтайды	Оқушылар өз ойларын жинақтап айтады.
Рефлексия	«Алма ағашы» әдісі: Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну	стикер